



EXPO 2017
• Future Energy •
Astana Kazakhstan



KazNU Science · КазУУ Фылымы · Наука КазНУ

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

AL-FARABI KAZAKH
NATIONAL UNIVERSITY

ХАБАРШЫ

ЖУРНАЛИСТИКА СЕРИЯСЫ

ВЕСТНИК

СЕРИЯ ЖУРНАЛИСТИКИ

HERALD

OF JOURNALISM

ISSN 1563-0242
Индекс 75869; 25869

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҮЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

ХАБАРШЫ

Журналистика сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК

Серия журналистики

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

HERALD

of journalism

№4 (46)

Алматы
«Қазақ университеті»
2017

Қамзин К.¹, Смақов Д.²

¹Филология гылымдарының докторы, профессор
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазакстан, Алматы к., ²e-mail: smakov88@gmail.com

ЗАМАНАЛЫ ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ АҚПАРАТ ВЕРИФИКАЦИЯСЫ

Контентті заманалы технологиялық үдеріс орісінде толыстыру біркетар зиянды құбылысқа жол ашып отыр. Авторлардың әліптеуінше, зерттеушілік тәжірибемен тығыз байланысты фактчекинг және верификация әдісі журналистік материалдың фактілік негізі дәлдігін редактура тараудын қадағалаудың босансуының ізін ала туындаған. Екіншіден – бұл жас журналистердің интеллектуалдық жағынан дайындау барысы әлсіздігінің нақты корінісі. Үшіншіден – бұл журналистердің алапат ақпарат тасқыны арасынан сүйекті фактіні таңдай алмай адасуы.

Түйін сөздер: верификация, генеологиялық формация, екпінді ақпарат, контент технологиясы, фактчекинг, тізбекті реакция.

Kamzin K. ¹, *Smakov D.²

¹Doktor of philological science, professor, Al-Farabi Kazakh national university,
Kazakhstan, Almaty, ²e-mail: smakov88@gmail.com

Verification of information in modern journalism

Saturation of content in the mainstream of the modern technological process has generated a number of negative phenomena. In the opinion of the authors, the method of fact-checking and verification, which is closely connected with research practice, appeared after mitigating the control of the editorial staff behind the accuracy of the actual basis of journalistic material. Secondly, this is a true indicator of minimizing the intellectual preparation of young journalists. Thirdly, this is a weak orientation of journalists in the choice of significant facts in a powerful flow of information.

Key words: verification, genological formation, insider information, content technology, factchecking, chain reaction.

Қамзин К.¹, *Смақов Д.²

¹Доктор филологических наук, профессор
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, ²e-mail: smakov88@gmail.com

Верификация информации в современной журналистике

Насыщение контента в русле современного технологического процесса породило ряд негативных явлений. Во-первых, по мнению авторов, методика фактчекинга и верификации, которая тесно связана с исследовательской практикой, появилась вслед смягчению контроля со стороны редактуры за точностью фактической основы журналистского материала. Во-вторых, это верный показатель минимизации интеллектуальной подготовки молодых журналистов. В-третьих, это слабая ориентация журналистов в выборе значимых фактов в мощном потоке информации.

Ключевые слова: верификация, генеологическая формация, инсайдерская информация, технология контента, фактчекинг, цепная реакция.

Адам жаратылышымен үялас, саналы жан месінің таным тәсілдеріне сәйкес дүниеге келген журналистика ежелден хабар-ошар, ақпарат

сияқты ұғымдармен сабақтаса дамып келеді. Журналистиканың бүкіл мән-мазмұны мен қызыметі оқырманға, аудиторияға сан санаттағы

ақпарат жеткізуден айқын көрінеді. Тиісті мәліметті қалың көпшілік әдеби мәтіндер мен репортёр фотосуреттері, журналистің диктофон және магнитофон жазбалары, телевизия бейнелері, газет беттерінің графикалық дизайны, радиохабарлардың беташар әуені мен безендіру пішініндегі музика, бейнеклиптер арқылы алып отырады. Демек, журналистиканың бүкіл қызыметі ақпарат үдерісімен, дерек құбылысымен тығыз байланысты. Ақпарат, бұқаралық ақпарат журналистика теориясында (философиядағы «сан», биологиядағы «жасуша», математикадағы «сандар символдары», өнертанудағы «образ», экономика пәніндегі «товар» сияқты) базис, тиянақ ретінде қарастырылады. Бір сөзben айтқанда, ақпарат ұғымы тек журналистиканың түсінік аппараты аясындаған өмір сүрмейді.

Журналистика – біздіңше, рынокқа түскен дайын товар, торт аяғын тен басқан контент. Яғни мәтін, аудио және видеоматериал. Әбден бабына келген, пісіп тұрған рухани жеміс. Байқап қарасақ, өзіміз барлай алатын ортада, көз жетпейтін кеңістікте, табигат пен әлеумет атаулыда – ін тірескен, бір-бірімен жағаласқан ақпарат нөпірі. Бүкіл он сегіз мың ғалам, біздің галактика – ақпараттық кеңістік орбитасында. Керінше, ақпарат дүниесі сол ғаламаттық болмыс-бітімнің тұла бойында бұлқынуда. Барлығы да жарыққа, тіршілікке ұмтылады. Ал осылардың арасынан қажеттісін, керегін теріп алу, сайлап алу – біздің, журналистер қауымының міндеті. Басқаша айтқанда, бізде тандау, іріктеу мүмкіндігі мен құқығы бар. Ол келіп талғампаздыққа, интеллектуалды эстетикага барып ұласады.

XXI ғасырдағы технологиялық мүмкіндік, киберәлеует үстемеленген сайын антропогендік ықпал, адам ақыл-ойының көркемдік күш-куаты, эмоциялық шырайы бәсек тартқан сияқтанады. Кешегі жасампаз адам жады әбден әлсіреген, оның жанартаудай қайнап жатқан миң дайын шешімді, қырнап-жонылған, мұнтаздалған ақпаратты сінірге ғана лайық аппаратты көз алдымызға елестетеді. Ал генеалогиялық формация оптимистік романтизмнен көл үзіп, жадағай рационализмге бет түзегелі қашан. Ғалам мен әлеумет реакциясын тек ақпарат арқылы бейнелеу, сезімді, көніл-күйді символдар арқылы қыска да нұсқа форматқа икемдеу, біздіңше, әлеуметтік сахнаға жаппай жылтырақтықты, творчестводан ада рухани жадаулық пен сұрықсыз жасандылықты шығарды. Осылайша, шығармашылық процесті, творчестволық үдерісті өтпелі таланттарға бас идірген журналистердің жас буыны тап қазір қын тақырыптан бойын аулақ салады, анали-

тикамен айналыспайды, материалдың фактілік негізін тексеруге құлықсыз. Соның салдары: жас журналистер қазір дерек растығына жауап беруді ұмыта бастаған, баспасөз жарияланымдарының әлеуметтік резонансы туралы ойлануды басы артық нәрсе деп біледі.

Осы тізбекті реакция әрі қарай жалғаса берсе, фантастардың киялышынан да озық кетер аумалы-төкпелі, қатерлі індегі есігімізді айқара ашары сөзсіз.

Қазіргі ұлттық хабар-ошар кеңістігіндегі мүләйім, жуас, қуыктай құбырмен ғана агар ақпарат легі, әлбетте, қоғамдық сананың бірден-бір көрсеткіші емес. Әлеумет санасын сан түрлі контент, мың түрлі құбылыс қалыптастырады. Сөздің шырайын келтірер, мәтіннің ажарын ашар шығармашылық әдіске осы күні киберсауаттық, технологиялық ұшқырлық келіп косылды. Яғни бұрынғы классикалық, дәстүрлі журналистиканың әмбебаптық сипаттын инасадайдерлік жаңашылдық аша тұсті. Эрине, ұшқырлық деңгеміз асығыстық, ұшқалақтық емес. Асығыстықтың, жөн-жосықсыз өрекпудің салдарынан фактін іріктеу, сұрыптағанда, материалдың әдеби өндегендеге, журналистер мұлт кетіп жатады, қателікке ұрынады, шикілікке жол беріп алады. Ара-тұра тапсырыспен жазылышын, бұра тарратын материалдар да кездесіп қалады. Бұның арты жауапсыздыққа, азаматтық журналистиканың беделін түсіруге барып ұласады.

Бүгінгі гуманитарлық саладағы ғылыми еңбектердің де бірқатары репродукция дәрежесінде ғана. Жас ізденушілердің бірсызырасы түпнұсқадан сырт айналады. Сол саладағы белгілі ғалымдардың ізденістеріндегі пікірлерді, сілтемелерді талғаусыз, өзі тапқандай ұсына салады. Демек, о баста кеткен қателік ғылыми шындық ретінде бертінгі ғылыми айналымға түсіп жатады. Бұлар да әлеуметтік желілерге жымысқылана кірген вирус іспеттес.

Осындағы жана залалды құбылыс жаңа залалсыздандыру тетіктері мен инструментарийлерін туындары заңды құбылыс. Солардың ішінде біз дата журналистика, версификация мен фактчекинг әдістерін ауызға ала кетуді жөн санап отырмыз. Батыс елдері тәжірибесінде осы салалар бойынша бас қосулар жүйелі өткізіледі. Осы ретте Wall Street Journal, BBC және Reuters редакторларының әлеуметтік желілердегі контентті тексеру жөніндегі жылма-жылғы шеберлік сыйныштарын айтсақ та жеткілікті. Осы ретте біз өзімізде һәм шетелде жарық көрген мынадай ғылыми мақалалар мен оқу құралдарын атап айттар едік:

- Фактчекинг журналистика зерттеуінің тренді: Мүмкіндігі мен болашағы (сілтемеде)
- Фактчекинг видео и с помощью видео: поиск источников и свидетельств (сілтемеде)
- Шесть характеристик эпохи дезинформации (сілтемеде)

Барша ғаламның мейірім-шуағы да, адам шошырлық қатыгездігі де осы ақпарат тасқыны хаосында. Бұл ұшан-тәңіз мол логистика адамның психикасына зілдей салмақ түсіреді, осының өзі бұл күндері шешімі шиеленген күрделі проблемага айналып отыр. Осы арада айта кететін бір шарт: журналист пен ақпарат арасында түсіністік, сыйласым болғаны абзal. Мейлі, ол жағымды ақпарат, жайлы дерек болсын, мейлі, ол жағымсыз факті мен жайсыз хабар-ошар болсын.

Сондыктan да болар, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, футурологиялық журналистиканың білгірі К.С. Смайловтың: «Болашақты нақтырақ ойлайтын, жақынырақ көретін, көз жіберіп, ой жүгірттін кез келген секілді. Ио, бұгінгі күннің қындықтары бас көтертпей, бой жаздырмай жатса да алға көз тастап, көкжиекті барлап қойған артық емес. Болашақты ойлаған, болашаққа ұмтылған адам бір қадам болса да шапшаң жүреді», – деп жазатыны [1, 401 б]. Ал филологияғылымдарының докторы, профессор М.К. Барманқұлов «Телевидение: деньги или власть» атты оку құралында былай деп атап көрсетеді: «Ең керемет саясаткер де, ең қуатты мемлекет те, тіптен мемнін деген ұлттың өзі ақпаратсыз тұк те емес. Бізге қажет деген оқиганың барлығы дерлік тек ақпаратта өмір сүрмек. Журналистиқ ақпаратының мұның барлығы – ештеңе де, ешнэрсе де емес, тек нөлге ғана тен болар еді» [2, с. 45]. Біз бұл арада, «көкжиекті барлау» және «акпараттың өмір сүруі» деген кілт сөздерге назар аударғымыз келеді. Демек, ақпарат құралдары тек хабар-ошар таратушы ғана емес, ол сонымен қатар болашақтың барлаушысы, ақпараттың шынайы өмір сүру мүмкіндігі.

Көшілікке ұсынылар ақпараттың растиғы мен дәлдігін тексеру су жаңа құбылыс емес – ол журналистика танушыларға жақсы мәлім, алайда бұл сала қазіргідей жеке бағыт, өз алдына кәсіп болып қалыптаспаган еді. Өлемнің көптерген елі жалған ақпарат, фейк пен астарлы насиҳатқа қарсы күрес ретінде ақпараттық верификацияны пайдаланады. Біз айттар едік, мұндайда әсірессе шетелдік дерек көздерінен, интернеттен алынған мәтіндерге, саяси-экономикалық оқиганың әліптелуіне сергек, сынни көзбен қараған ләзім.

Сол үшін батыс ақпарат қауымдастығы өнімді пайдаланып отырган фактчекинг және верификация тәсілдеріне жүйелі жүтіну бізге де аса қажет.

Фактчекинг (ағылш. fact checking – деректі тексеру) дегеніміз – бұл журналистік бақылаудың бір бағыты. Басқаша айтқанда, фактілерді тексеру – қолда бар дерек пен өмір шындығы арасындағы айырмашылықты анықтау. Әсірессе кәсіби журналистикадан хабары аздау қаламгерлердің мәліметтерін, оқырмандар материалдарын, бейтаныс сарапшылар мен саяси мәлімдемелерді мұқият тексерген жөн.

Верификация принципі алғаш рет 1929 жылы Вена үйрмесінде (Wissenschaftliche Welttauffassung – Der Wiener Kreis) алға тартылды. Адамзат тіршілігі саласында верификация (лат. verus – ақиҳат және facere – жүзеге асыру) ұғымын әрқалай түсіндіруге болады. Мәселен:

Тексеру, дәлелдеу, кейбір теориялық ережелерді, алгоритмдерді, бағдарламалар мен процесураларды тәжірибемен салыстыра айқындау.

Ақырғы өнімнің тиісті эталондық талаптарға сәйкестігін дәлелдеу.

Жалғандықты (жасыруды, бүгіп қалуды, бүрмалауды) анықтау әдісі.

Саясаткерлер аузынан шыққан сөзді жарияламас бұрын тексеріп алу қазір АҚШ массмедиасының шартына айналып отыр. Саяси қайраткерлердің лебізіне сілтеме жасау немесе дәйектеме ретінде алу үшін алдын ала шағын тексеру жүгізіледі, содан кейін барып оларға «рас» я «жалған» деген белгі соғылады.

Америка Құрама Штаттарында өткен соңғы президент сайлауы кезінде бұл әдістер көрнекілене, бедерлене түсті, әлем елдеріне жедел тарап, біздің ел журналистері мен саясаткерлері арасында кеңінен таныла бастады. Бұл жолы тек термин мен арнайы сала күйінде ғана емес, журналистикағы жай ғана түсінік ретінде емес, автономиялы бағыт ретінде отау көтергені байқалады.

Ақпараттық верификация атқаратын қызметіне қарай бірнеше түрге бөлінеді: дереккөздің растиғын тексеру, насиҳаттың бетін ашу, фейктерді әшкере ету, зандардың дұрыс әрі нақты қолданылуын тексеру, түпнұсқалықты анықтау.

Дереккөздің растиғын тексеру – материалдар мен мәлімдемелерде, депутаттық сауалдар мен баяндамаларда, сюжеттер мен деректі фильмдерде келтірілген фактілер шынымен де нақты дереккөздерінен алынған ба, әлде журналист,

саясаткер мәліметті өз ырқына қарай ыңғайладап, бұқараны адастырып отыр ма, немесе өзекті бір ақпарат бүрмаланды ма, бүрмаланбады ма – соларды анықтау.


Мәселе, «Новая газетаның» саяси шолушысы А. Минеев Евроодақтың биылғы жылы 13 қарашада өткен Кенесі материалдарына сүйене отырып кибершабуылдардың кай тараптан өріс алғып отырганын төмөндегідей цифrlармен дәйектейді: «В интервью немецкой газете Handelsblatt премьер-министр Испании Мариано Рахой утверждает, что потоки пропаганды в поддержку независимости Каталонии в социальных сетях следовали по тем же каналам, что в направлении против ЕС dezинформация на другие темы: «Брексит», ультраправый популизм. «Среди испанских учетных записей Twitter в Каталонии было много ложных профилей, более 50% были зарегистрированы в России и 30% в Венесуэле, только 3% оказались реальными», – сказал Рахой» [3].

Және бір мысал. 2017 жылдың 6 кыркүйегінде Мәжіліс депутаты Артур Платоновтың ҚР Премьер-министрі Бақытжан Сагынтаевка жолдаған депутаттық сауалында Алматыда қатерлі ісікке шалдыққандардың саны 12,9 пайызға артқандығын айтады. Іле-шала, бұл мәліметті еш тексермей-ақ бірнеше ақпарат агенттігі, ірі газет-журналдар, телевизорлардан жарыса іліп экетті. Кейіннен бұл көрсеткіштің тек 2,6 пайызға рана артқаны мәлім болды [4].

Синтез наихат – бұл көбінесе отаршыл және отар мемлекеттер арасындағы, ақпараттық

қауіпсіздігі мыкты және ақпараттық қауіпсіздігі әлсіз мемлекеттер арасындағы тайталастың көрінісі. Ондай астарлы наихат контенті әлеуетті идеология мен бұқара арасындағы ақпарат алмасу және тарату кезінде жиүышырасады. Мұндайда көбінесе алпаутын елдер дамушы елдерге өршелене наихаттық шабуыл жасайды.

Тұрасына келсек, украиналық stopfake.org порталы ресейлік наихатқа қарсы құрес құралы ретінде ашылған және өзінің материалдарын әлемнің 11 тілінде жариялады. 2014 жылғы оқигалар кезінде Ресейдің ақпарат машинасы Украинаны жалған ақпаратпен «бомбалауды» бастағанынан бәріміз де хабардармыз. Содан бері атальыш сайт мындаған деректердің жалған екенін анықтап, ресей наихатына қарсы құресіп келеді. Осы материал дайындалып жатқан кезде ресейлік «Московский комсомолец» порталында «Украина ДСМ Украина азаматтарының деңе мүшелерін сатуға ресми түрде рұқсат етті» деген хабар таратты. Stopfake журналистері болса, бұл ақпараттың шындыққа мүлдем жанаспайтының әрі оның Украина заңдарына қайшы екенін жедел жазып, беттерін қайтарып таstadtы [5]. Эйтпесе онсыз да сенімінен күдігі басым ел азаматтарының алпауты елдің беделді ақпарат құралына сеніп қалуы әбден мүмкін гой. Тіпті оларды былай қойғанда, BuzzFeed зерттеушілерінің айтуынша, ереңек американалықтардың 75 пайызы фейк материалдарға сеніммен қарайды екен.



Біздің ел де үгіт-насихаттық әдіс-амалдан құр алақан емес. Кейде ақпараттық сюжеттердің өзінен насихаттың лебі есіп тұрады. Бірақ біздегі текеңірес әзірге Украина мен Ресейдегідей ағылтегіл емес. Әйтте де болашақта бізге де қарсы насихатпен шебер айналыса алатын журналисттер қажеттілігін Қазакстан мен Қыргызстан арасындағы кедендей кикілжің айқын көрсетіп берді.

Фейктерді әшкере ету дегеніміз – әлеуметтік желілер мен ақпарат таратуши порталдар, газеттер мен телеарналар мәліметтерінің шындықтан алыс жатқандығын жария ету, айтылып, жазылып жатқан оқигаға сәйкес емес видеоконтенттердің, суреттер, скриндер, аудиожазбалардың сырын ашу. Бұлар көбіне «фейк» контенттер. Ағылшының fake сөзі жалған дегенді білдіреді.

Мысалы, Мьянмадағы оқигалар кезінде әлемде сан мындаған фейк видео мен фотолар тарады. Біздің бағамдауымызша, олардың басым көпшілігі Мьянмадағы мұсылмандар қырғынына мұлдем қатысы жоқ. Көпшілігі бұрыннан ғаламторда бар немесе ақпарат құралдарында жарияланған материалдар. Айталық, бәріміздің мессенджерлерімізге келген «Буддист мұсылман баланы қинауда» деген видео ел есінде болар. Бәріміз баланы қинап жатқандардың буддист екеніне сеніп те қалдық. Ал бұл контентті Д. Смаков жан-жақты зерттей келе, оның Мьянмаға мұлдем қатысы жоқ екенін, түсірілім 2016 жылдың желтоқсанында болғанын және баланы қинағандардың сотқа тартылғанын анықтап, жариялады [6].

Заң саласына маманданған журналисттер жақсы біледі: құқық қорғау органдары өздерінің істеп жатқан әрекеттерін дұрыс екендігін дәлелдеу мақсатында көбінесе көпшілік біле бермейтін баптар мен тармактарға сілтеме жасайды. Тәжірибесі аз журналисттер құқық қорғаушылар аузынан шықкан сөзді дұрыс деп қабылдал, өздерінің материалдарына арқау етеді. Бұл жайт әдетте халықты адастырады, заңдарға сенімсіздік туыннатады. Заңдардың нақты әрі дұрыс қолданылуын тексеру арқылы көрсетіліп отырған баптардың бар не жоғы, оның нақты оқигаға қатысты не қатысы жоқтығы анықталады, бұл Заң мен баптың қолданыс аясы межеленеді.

Мәселен, жақында «Алматы қаласында жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген, пәтерлерін жалға беруші пәтер иелерінің жылжымайтын мұлкі тәркіленетін» хабарланды. Тіптен Медеу

ауданында рейд те жүргізілді. Бұл жерде құқық қорғаушылар әкімшілік соттың шешіміне жүгініп, осындай шешім қабылдайтындықтарын айтты да, нақты қай заңнамага сүйенетіндігіне сілтеме жасамады. Деректі зерттей келе бұл әрекеттің өзі заңға қайшы екенін, пәтерлерін жалға берушілер жеке кәсіпкер ретінде тіркелмese болатынын анықтады [7]. Демек, осындай сәттерде заңның қолданылуын да бір нақтылап өткен жөн.

Тұпнұсқалықты анықтау – қандай да бір медиаөнім немесе ғылыми еңбектің plagiat, plagiat емес екеніне, оның тұпнұсқалық немесе көшірме контент екеніне көз жеткізу. Фактчекингтің бұл түрін жасай алатын журналисттер әзірге өте аз. Бұл біздің елдеған емес, әлемде кенже қалып келе жатыр.

Біздің елімізге фактчекинг журналистік айғақтама (журналистское расследование) жанрымен туыстас пішін ретінде 2016 жылдың қараша айындағанға келді. Осы уақыттан бастап журналисттер арасында ақпараттық верификация мен фактчекинг ұғымы қалыптаса бастады. Ал 2017 жылдың мамыр айында Орта Азия мен Қазақстандағы тұнғыш фактчекингтік ресурсы іске қосылды. Отандық саясаткерлердің аузынан шыққан сөздер мен медиа құралдарының таратқан жалған ақпараттарын, фейк контенттерін, құқық қорғау органдарының Заңдарды дұрыс пайдаланбауын әшкере етумен айналысатын factcheck.kz порталының іске қосылғанына да көп бола қойған жоқ, соған карамастан ол өзінің тұрақты оқырмандарын қалыптастырып үлгерді.

Ақпараттық верификация – үдерістік құбылыс, сондықтан ол заман талабына сай әлсін-әлсін өзгеріске ұшырап отырады. Кейбір кездері ол қолда бар қару болса, енді бірде елдегі медиа дертіне дәру болуы мүмкін. Ал біздің елдегі ақпараттық верификация қарудан ғөрі дәрі болғаны жөн. Онсыз да соңғы жылдары айдарынан сыннан өзге жел еспей келе жатқан ақпарат саласы үшін бұл таптырмас құрал, кайталаңбас құбылыс болары анық. Қабылданғалы жатқан БАҚ туралы жаңа заң да осыны мензейді. Әр редакцияда бір фактчекер маман болып, ақпараттың растиғын тексеріп отыруға міндеттеледі. Жалған ақпарат таратушы да, оның бастапқы дереккөзі де жазалану қарастырылған. Неде болса, көш жүре түзсіледі. Заманауы таным кеңістігіндегі расшыл журналистика үшін өмір реалиzmі, дәуір шындығы қымбат. Сол маңызды.

Әдебиеттер

- 1 Смайлов К. Үш томдық шығармалар жинағы. 1 т. – Алматы: Қазығұрт, 2003.
- 2 Барманкулов М.К. Телевидение: деньги или власть. – Алматы: Санат, 1997. – С. 45-140.
- 3 Минеев А. Вредоносная активность // Новая газета. Казахстан, 23 ноября 2017 г.
- 4 <https://factcheck.kz/kaz/basty-bet/zhalgan-almatyda-katerli-isikke-shaldykkandar-olimi-129-ga-artkan/>
- 5 <https://www.stopfake.org/fejk-minzdrav-ukrainy-ofitsialno-razreshil-prodavat-ukraintsev-na-organy/>
- 6 <https://factcheck.kz/kaz/basty-bet/feik-buddist-musylman-balany-kinauda/>
- 7 <https://factcheck.kz/kaz/basty-bet/zhalgan-i-zhk-retinde-tirkelmej-paterdi-zhalga-beru-saldarynan-mulik-tarkilenui-mumkin/>

References

- 1 Smailov K. Collected works in three volumes. 1 v. – Almaty:Kazygurt, 2003
- 2 Barmankulov M.K. Televidenie: dengi ili vlast. – Almaty: Sanat, 1997.
- 3 Mineev A. Vredonosnaya aktivnost // Novaya gazeta. Kazahstan, November 23. 2017.
- 4 <https://factcheck.kz/kaz/basty-bet/zhalgan-almatyda-katerli-isikke-shaldykkandar-olimi-129-ga-artkan/>
- 5 <https://www.stopfake.org/fejk-minzdrav-ukrainy-ofitsialno-razreshil-prodavat-ukraintsev-na-organy/>
- 6 <https://factcheck.kz/kaz/basty-bet/feik-buddist-musylman-balany-kinauda/>
- 7 <https://factcheck.kz/kaz/basty-bet/zhalgan-i-zhk-retinde-tirkelmej-paterdi-zhalga-beru-saldarynan-mulik-tarkilenui-mumkin/>